

Қазақстан Республикасының Француз Республикасындағы Елшілігінің мәселелері

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 25 ақпан 1993 ж. N 149

"Француз Республикасында Қазақстан Республикасының Елшілігін ашу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 9 қаңтардағы N 1055 U931055_ Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Француз Республикасындағы Елшілігінің штат саны жылдық жалақы қоры 321730 АҚШ доллары сомасында болатын 24,75 адам шамасында бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасының Француз Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісінің лауазымдық жалақысы 1705 АҚШ доллары мөлшерінде белгіленсін.

Қазақстан Республикасы Елшілігі қызметкерлерінің лауазымдық окладтары Қазақстан Республикасының Француз Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісінің шет ел валютасымен алатын окладына орайластырылып, штат кестесіне сәйкес белгіленсін.

3. Француз Республикасымен қатынастардың ерекше маңыздылығы, жұмыстың күрделілігі мен үлкен көлемі ескеріліп, Қазақстан Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісінің лауазымдық окладына оның шет ел валютасымен алатын окладының 20 проценті мөлшерінде үстеме белгіленсін.

4. Елшіліктің қызметкерлеріне медициналық қызмет көрсетуге олардың шет ел валютасымен алатын жалақы қорының 2 проценті мөлшерінде қаржы аударылатын болып белгіленсін.

5. Қазақстан Республикасының Француз Республикасындағы Елшілігінің 1993 жылға арналған шығыстарының сметасы 1076 мың АҚШ доллары сомасында және 39874,5 мың сом мөлшерінде бекітілсін.

6. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне Қазақстан Республикасының Француз Республикасындағы Елшілігінің қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті қаражат бөлсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК